



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Шілде 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы шілдеде 8,6%-ды құрады (маусымда – 8,4%). Азық-түлік тауарлары мен ақылы көрсетілетін қызметтің жылдық мәндегі баға өсімі тиісінше 5,5%-ға (маусымда – 5,4%) және **14,5%-ға дейін** (маусымда – 13,8%) жеделдеді. Ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы **7,3%-ға дейін** (маусымда – 7,4%) баяулады.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 14 өңірде жеделдеді, 4 өңірде баяулап, 2 өңірде өзгеріссіз қалды. Жалпы республикалық деңгейден жоғары жылдық инфляция 9 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында (10,8%) және Қарағанды облысында (10,6%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 шілде – 2024 шілде), %-бен

|                     |      |      |
|---------------------|------|------|
| Астана қ.           | 15,4 | 10,8 |
| Қарағанды           | 13,7 | 10,6 |
| Маңғыстау           | 14,6 | 10,4 |
| Павлодар            | 13,4 | 9,5  |
| Ақмола              | 14,7 | 9,2  |
| Шығыс Қазақстан     | 14,0 | 9,0  |
| Солтүстік Қазақстан | 15,4 | 8,9  |
| Атырау              | 11,8 | 8,8  |
| Жетісу              | 14,3 | 8,7  |
| Ақтөбе              | 13,2 | 8,6  |

|                        |      |     |
|------------------------|------|-----|
| Алматы қ.              | 14,2 | 8,6 |
| Қазақстан Республикасы | 14,0 | 8,6 |
| Батыс Қазақстан        | 13,7 | 8,5 |
| Абай                   | 13,4 | 8,1 |
| Жамбыл                 | 13,7 | 7,9 |
| Қостанай               | 13,8 | 7,7 |
| Шымкент қ.             | 13,6 | 7,5 |
| Қызылорда              | 14,0 | 7,5 |
| Түркістан              | 13,9 | 7,1 |
| Ұлытау                 | 15,4 | 6,7 |
| Алматы                 | 12,7 | 5,7 |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

**Азық-түлік** тауарлары Қазақстанда ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,5%) жоғары Алматы қаласында (8,1%), Маңғыстау (7,3%), Ақмола және Жетісу (6,7%-дан), Солтүстік Қазақстан (6,5%), Атырау және Шығыс Қазақстан (6,3%-дан), Ұлытау (5,9%), Павлодар (5,6%) облыстарында қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы елдегі деңгейден (ж/ж 7,3%) жоғары Маңғыстау (13,6%), Түркістан (11,5%), Қарағанды (9,3%) облыстарында, Шымкент қаласында (8,5%), Батыс Қазақстан (8,1%) облысында, Астана қаласында және Солтүстік Қазақстан (7,7%-дан) мен Ақмола облыстарында (7,6%) өсті.

**Ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден жоғары (ж/ж 14,5%) қалыптасты: Павлодар (18,8%), Ақтөбе (18,4%), Қарағанды (18,3%) өңірлері, Астана қаласы (17,9%), Жетісу (16,9%), Жамбыл (16,4%), Атырау (16,2%), Ақмола (16,1%), Абай (16,0%), Шығыс Қазақстан (15,2%), Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан (14,7%-дан ) өңірлері.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

| Өңір                          | Азық-түлік<br>инфляциясы | Азық-түлікке<br>жатпайтын инфляция | Ақылы көрсетілетін<br>қызмет инфляциясы |
|-------------------------------|--------------------------|------------------------------------|-----------------------------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | <b>5,5</b>               | <b>7,3</b>                         | <b>14,5</b>                             |
| Ақмола                        | 6,7                      | 7,6                                | 16,1                                    |
| Ақтөбе                        | 4,1                      | 6,0                                | 18,4                                    |
| Алматы                        | 4,2                      | 5,1                                | 10,3                                    |
| Атырау                        | 6,3                      | 7,0                                | 16,2                                    |
| Батыс Қазақстан               | 5,4                      | 8,1                                | 14,7                                    |
| Жамбыл                        | 5,4                      | 6,7                                | 16,4                                    |
| Қарағанды                     | 5,5                      | 9,3                                | 18,3                                    |
| Қостанай                      | 4,4                      | 6,3                                | 13,6                                    |
| Қызылорда                     | 5,4                      | 6,6                                | 12,4                                    |
| Маңғыстау                     | 7,3                      | 13,6                               | 11,8                                    |
| Павлодар                      | 5,6                      | 6,9                                | 18,8                                    |
| Солтүстік Қазақстан           | 6,5                      | 7,7                                | 14,7                                    |
| Түркістан                     | 3,0                      | 11,5                               | 10,3                                    |
| Шығыс Қазақстан               | 6,3                      | 7,3                                | 15,2                                    |
| Астана қ.                     | 3,8                      | 7,7                                | 17,9                                    |
| Алматы қ.                     | 8,1                      | 5,2                                | 11,9                                    |
| Шымкент қ.                    | 4,1                      | 8,5                                | 11,3                                    |
| Абай                          | 5,2                      | 5,5                                | 16,0                                    |
| Жетісу                        | 6,7                      | 5,4                                | 16,9                                    |
| Ұлытау                        | 5,9                      | 5,3                                | 10,2                                    |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы шілдеде елде **айлық инфляция 0,7%** болды. Бұл бұрынғы орташа мәннен<sup>i</sup> (2017-2021 жылдардағы шілдеде 0,3%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында (1,3%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы шілдедегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

| Өңірлер                       | 5 жылғы<br>шілдедегі<br>орташа мән | 2024 жылғы<br>шілде | Өңірлер                  | 5 жылғы<br>шілдедегі орташа<br>мән | 2024 жылғы<br>шілде |
|-------------------------------|------------------------------------|---------------------|--------------------------|------------------------------------|---------------------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | <b>0,3</b>                         | <b>0,7</b>          | Ақмола                   | 0,3                                | 0,6                 |
| Астана қ.                     | 0,2                                | 1,3                 | Атырау                   | 0,5                                | 0,6                 |
| Қызылорда                     | 0,2                                | 1,2                 | Қарағанды                | 0,4                                | 0,6                 |
| Жамбыл                        | 0,3                                | 0,9                 | Маңғыстау                | 0,5                                | 0,6                 |
| Алматы қ.                     | 0,1                                | 0,9                 | Солтүстік Қазақстан      | 0,3                                | 0,6                 |
| Ақтөбе                        | 0,4                                | 0,8                 | Абай                     | -                                  | 0,6                 |
| Батыс Қазақстан               | 0,4                                | 0,8                 | Жетісу                   | -                                  | 0,6                 |
| Ұлытау                        | -                                  | 0,8                 | Алматы                   | 0,3                                | 0,3                 |
| Павлодар                      | 0,4                                | 0,7                 | Шымкент қ. <sup>ii</sup> | 0,1                                | 0,3                 |
| Түркістан                     | 0,1                                | 0,7                 | Қостанай                 | 0,2                                | 0,2                 |
| Шығыс Қазақстан               | 0,3                                | 0,7                 |                          |                                    |                     |

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

<sup>i</sup> Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

<sup>ii</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән